

Рұқсат беру талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін, екінші санаттағы рұқсат алу үшін өтініш нысандарын, екінші санаттағы рұқсат нысандарын, рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 16 мамырдағы № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 мамырда № 36132 болып тіркелді

3КАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 2-1) тармақшаларына және "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 89-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Коса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық байқау операторының қызметін жүзеге асыруға рұқсат алу үшін өтініш нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес рұқсат беру талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес техникалық байқау операторының қызметін жүзеге асыруға рұқсат нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидалары және Техникалық байқау операторларының қызметін жүзеге асыру қағидалары.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндеттін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндеттін атқарушы
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 152 Бұйрыққа
1-қосымша
Нысан

**Техникалық қарап-тексеру операторларының қызметтің жүзеге асыруға рұқсат алу үшін
өтініш**

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

Занды тұлғаның мекенжайы _____

(пошта индексі, ел, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жай)

Электрондық пошта _____

Телефон _____

1. Стационарлық желі техникалық қарап-тексеру желісін ашуға арналған жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер:

Меншік құқығындағы үй-жайлар немесе ғимараттар немесе жалға алу шарты немесе жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану шарты (несие) немесе мүлікті сенімгерлік басқару немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты:

Жылжымайтын мүлік объектісін (өндірістік базаны) тіркеу туралы мәліметтер:

1) Кадастрық номір _____

2) Орналасқан жері _____

3) Жалдау туралы шарттың номірі: _____

4) Жалдау туралы шарттың күні _____ (шарттың мерзімі көрсетіледі)

2. Техникалық байқаудың ұтқыр желісін ашуға арналған көлік құралы туралы мәліметтер автокөлік құралының мемлекеттік номірі және автомобиль маркасы.

3. Станция мәлімделген қызмет түрін орындау үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған:

роликті тежегіш стенді;

люфтомер;

газ анализаторы және түтін өлшегіш;

фаралардың жарығын тексерудің электронды құралы;

руль мен суспензия бөлшектеріндегі ойынды тексеруге арналған тестер;

сызыыш;

рулетка;

штангенциркуль;

секундомер;

көлік құралдарының газбен қоректендіру жүйесінің герметикалығын тексеруге арналған аспап;

әйнектің жарық өткізгіштігін тексеруге арналған аспап;

шу өлшегіш

сипаттамасы, бар _____

4. Кәсіпорынның штат кестесіне сәйкес қолданылатын жабдықта жұмыс істеу үшін білікті персоналдың болуы:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

2) осы ұйымда __ бастап жұмыс істейді (күнін, айын, жылын көрсету)

3) атtestатталған, кәсіпорында оқытылған (күні, айы, жылы) _____

5. Стационарлық техникалық қарап-тексеру желісін ашу кезінде "Міндетті техникалық қарап-тексеру" "Автомотокөлік құралдары" ҚР СТ 1811-2018 талаптарына сәйкес келетін жабдығы бар жылжымайтын ғимарат (ғимараттың сыртынан және ішінен 10 фотосурет санымен қоса).

6. Техникалық қарап-тексеру ұтқыр желісін ашу кезінде "Міндетті техникалық қарап-тексеру" "Автомотокөлік құралдары" ҚР СТ 1811-2018 талаптарына сәйкес келетін жабдығы бар көлік құралы (сыртынан және ішінен 10 фотосурет санымен қоса).

Сипаттамасы, бар _____

7. Ұсынылған құжаттардың болуын және дұрыстығын өтініш беруші растайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушы рұқсат беру кезінде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелердегі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келіседі.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: "___" ____ 20 ____ жыл

Қазакстан Республикасы

Көлік министрінің

міндеттін атқарушы

2025 жылғы 16 мамырдағы

№ 152 Бұйрықка

2-қосымша

Рұқсат беру талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

1	Талаптарға мыналар кіреді	Талаптарға сәйкестігі	Ескерту
---	------------------------------	-----------------------	---------

2	<p>занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін-меншік құқығындағы үй-жайлар немесе гимараттар немесе жалға алу шарты немесе жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану шарты (несие) немесе мүлікті сенімгерлік басқару немесе міндетті техникалық байқауды үйымдастыру стандарттарына сәйкес к е л е т і н мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты</p>	<p>жылжымайтын мүлік ҚР СТ 1811-2018 "Автомотокөлік құралдары" "Міндетті техникалық қарап-тексеру" талаптарына сәйкес болуы тиіс</p>	<p>меншік құқығын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші жалға алу шарттарын, жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану шартын (несие), мүлікті сенімгерлік басқару шарттарын, бір жылдан кем мерзімге жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қоспағанда, "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесінен, "Е лицензиялау" интеграцияланған дереккорынан алады, олар құжаттың электрондық көшірмесі түрінде</p>
3	<p>міндетті техникалық қарап-тексеруді үйымдастыру стандарттарына сәйкес занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін – жұмыс істеп тұрған жабдықтар, аппаратуралар мен құралдар, аспаптар, Көлік және басқа да құралдар (какет болған жағдайда)</p>	<p>Жабдық ҚР СТ 1811-2018 "Автомотокөлік құралдары" "Міндетті техникалық қарап-тексеру" талаптарына сәйкес болуы тиіс</p>	
4	<p>механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап-тексеру жүргізуі жүзеге асыратын техникалық байқау операторының білікті қызметкери</p>	<p>қызметкердің орта білімі (техникалық немесе кәсіптік білімі) немесе техникалық байқау маманы курсын аяқтағаны туралы сертификаты болуы керек</p>	<p>орта білім туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші 2015 жылға дейін бітірген адамдарды, сондай-ақ білім туралы құжаттың электрондық көшірмесін ұсынатын Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде бітірген адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің</p>

			акпараттық жүйесінен (2015 жылдан бастап мәліметтерді) алды
5	жабдықтар мен өлшеу күралдары: роликті тежегіш стенді; люфтомер; газ анализаторы және тұтін өлшегіш; фаралардың жарығын тексерудің электронды күралы; руль мен суспензия бөлшектеріндегі ойынды тексеруге арналған тестер; сызығыш; рулетка; штангенциркуль; секундомер; көлік күралдарының газбен қоректендіру жүйесінің герметикалығын тексеруге арналған аспап; эйнектің Жарық өткізгіштігін тексеруге арналған аспап; шу өлшегіш	Жабдық КР СТ 1811-2018 "Автомотокөлік күралдары" "Міндетті техникалық қарап-тексеру" талаптарына сәйкес болуы тиіс	барлық жабдықта құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылатын тексеру сертификаттары болуы керек

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндеттін атқарушы
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 152 Бұйрыққа
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Гербі Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ ОПЕРАТОРЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА РҮКСАТ

Тіркеу №_____ " ____ " 20____ жылғы
Күелік иесі _____

(Жеке тұлға мен заңды тұлғаның атауы және ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны)

Орналасқан мекенжайы бойынша _____

(Занды тұлға мен жеке кәсіпкер үшін – занды мекенжайы)

Осы рұқсат оның иесін техникалық байқау операторының қызметін жүзеге асыруға растайды.

Рұқсат берілді

(уәкілетті органның атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),
берілген уақыты)

Рұқсаттың қолданылу мерзімі мерзімсіз

Қазақстан Республикасы

Көлік министрінің

міндеттін атқарушы

2025 жылғы 16 мамырдағы

№ 152 Бұйрыққа

4-қосымша

Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидалары және техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін жүзеге асыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Рұқсат беру рәсімдерін және техникалық байқау операторларының қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73, 91-баптарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Техникалық байқау операторының қызметіне рұқсат беру" (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар рұқсат беру бақылауын жүзеге асыруға рұқсат беру рәсімдерін, сондай-ақ өтініш берушілерге техникалық бақылау операторының қызметіне рұқсат алу үшін жүгінген кезде қойылатын рұқсат беру талаптарын регламенттейді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне рұқсат көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган берген иеліктен шығарылмайтын, мерзімсіз рұқсат;

2) көрсетілетін қызметті алушы – жеке кәсіпкер немесе занды тұлғалар;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары;

4) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті;

5) техникалық қарап-тексеру орталығының маманы – орта білімі (техникалық және кәсіптік білім) немесе техникалық қарап-тексеру маманы курсын аяқтағаны туралы

сертификаты бар механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндettі техникалық қарап-тексеруді жүргізуді жүзеге асыратын техникалық қарап-тексеру операторының қызметкері;

6) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуіндегі бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – ЭЦК құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тaraу. Техникалық байқау операторларының рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру тәртібі

4. "Техникалық қарап тексеру операторының қызметіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада баяндалған (бұдан әрі – Тізбе).

5. Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру үшін дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Тізбеде көрсетілген және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттарды қоса бере отырып, осы Бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша техникалық байқау операторының қызметін жүзеге асыруға рұқсат алу үшін өтінішті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бакылау комитетінің аумақтық органдарына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) жібереді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке құндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) арқылы және цифрлық құжаттар сервисінен мәліметтер алады:

1) көрсетілетін қызметті алушыны заңды тұлға не дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы;

2) меншік құқығын немесе жалға алу шартын немесе жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану шартын (несие) немесе мүлікті сенімгерлік басқару шартын немесе

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын (ӘУШ мәліметтері болған жағдайда) куәландыратындар;

3) орта білімнің болуы туралы (техникалық немесе қосындылық білім).

8. Тізбеде көрсетілген ұсынылған құжаттардың және портал арқылы келіп түскен цифрлық құжаттар сервисінен алынған мәліметтердің толықтығын көрсетілетін қызметті беруші құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді.

9. Тізбеде көзделген тізбеке сәйкес ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық болмау фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды (еркін нысанда) береді.

10. Егер құжаттар Тізбеке сәйкес толық көлемде ұсынылса, көрсетілетін қызметті беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабына сәйкес тәртіп бойынша қызметті жүзеге асыруға алғаш рет мәлімделген өндірістік базада 4 (төрт) жұмыс күні ішінде (рұқсат берілгенге дейін) рұқсат беру бақылауын жүргізеді.

11. Тізбеке сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізуіндік уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама берілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші техникалық байқау операторының қызметіне рұқсат беруді жүзеге асырады не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуы қалыптастырады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші Заңының 21-бабының 2-тармағына сәйкес қажетті құжаттардың тізбесі және осындай құжаттарды ресімдеу туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынады.

13. Рұқсат беру бақылауы қызметті жүзеге асыруға алғаш рет мәлімделген бақылау обьектісіне шыға отырып, профилактикалық бақылау тәртібінде жүзеге асырылады.

Бақылау обьектісіне барудың уақыты мен күні туралы көрсетілетін қызметті алушыға ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе өтініште көрсетілген электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабарлама жіберу арқылы не хабарламаны немесе шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, бару басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарланады.

14. Рұқсат беру бақылауы барысында (өндірістік базаға бару кезінде) көрсетілетін қызметті беруші көрсетіletіn қызметті алушының біліктілік талаптарына, оның ішінде Тізбеке сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтер бойынша сәйкестігін тексереді.

15. Рұқсат беру бақылауы аудио-, фото-немесе бейнетіркеуді қолдана отырып жүргізіледі, жазбалар көрсетіletіn қызметті берушінің "лицензиялау порталы" ішкі ақпараттық жүйесінде сақталады.

16. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды жасай отырып, Тізбеке сәйкес нысан бойынша рұқсат беру бақылауының қорытындысында көрсетіletіn қызметті берушінің атауы, рұқсат беру бақылауын жүргізген маманың деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жұмыс орны, лауазымы), бақылау объектісінің деректері (орналасқан жерінің мекенжайы, көрсетіletіn қызметті алушының уәкілетті тұлғасы) көрсетіледі.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту электрондық нысанда 2 (екі) жұмыс күні ішінде ресімделеді, көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦК-мен куәландырылады, порталға жіберіледі және көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.

18. Көрсетіletіn қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

19. Рұқсат берген көрсетіletіn қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Excel нысанындағы техникалық байқау операторының қызметіне берілген рұқсаттар бойынша электрондық есепке алу журналын жүргізеді.

3-тaraу. Техникалық байқау операторларының қызметті жүзеге асыру тәртібі

20. Техникалық байқауды техникалық байқаудың стационарлық және (немесе) мобиЛЬДІ желілерін пайдалана отырып, техникалық байқау операторы жүргізеді.

21. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 329 бүйрекімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11333 болып тіркелген) Көлік құралдарын техникалық қарап тексеруді Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес көлік құралдарын техникалық қарап тексеру операторының қызметіне екінші санаттағы рұқсатты алған күннен бастап техникалық қарап тексеру операторлары жүзеге асырады .

4-тарау. Көрсетілген қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

22. Мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша Көрсетлетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым (көрсетілетін қызметті берушінің) атына, мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оны шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға (немесе) лауазымды адамға) келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей жібереді. Шағымды көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлыштық акт қабылдаған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.

23. Шағым мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес (көрсетілетін қызметті алушының) қаралуға тиіс:

Көрсетілетін қызметті беруші – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күннен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген көрсетілетін қызмет алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабардар етеді.

Егер занда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Рұқсат беру рәсімдерін
жузеге асыру қаидалары және
техникалық қаралап-тексеру

операторларының қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша

"Техникалық қарап тексеру операторының қызметіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне рұқсат беру"
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің ауамақтық органдары.
3	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz , www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қабылдау және беру
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар топтамасын тапсырган сәттен бастап техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 8 (сегіз) жұмыс күні.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
7	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
		1) Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

8	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша көрсетіледі.</p>
9	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері	<ol style="list-style-type: none"> 1) Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық нысандағы өтініш. 2) Бұйрыққа 2-косымшага сәйкес рұқсат беру талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі. 3) Жеке күәлік құжаттары, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер, мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған орта білімнің (техникалық немесе кәсіптік білімнің) болуы туралы меншік құқығындағы жылжымайтын мүлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет шлюзі арқылы алады.
10	Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сойкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу

туралы заңды күшіне енген шешімінің (ұқімінің) болуы;
4) "Дербес деректер және оларды көргау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуға ұсынылатын келісімнің болмауы.

Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қаидалары және техникалық қарап-тексеру операторларының қызметін жүзеге асыру қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Өтініш берушінің біліктілік және рұқсат беру талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытындылар

қала _____ " ___ " 20 ___ жыл

Техникалық қарап-тексеру операторының атауы _____

Объектінің орналасқан мекенжайы _____

Техникалық қарап-тексеру операторының жабдық пен ғимараттың (мобиЛЬДІ автокөлік құралының) болуы бойынша осы бүйрықтың талаптарына "Міндетті техникалық қарап-тексеру" "Автомотокөлік құралдары" ҚР СТ 1811-2018 стандартының талаптарына сәйкестігін тексерді.

p/c №	Жабдық, ғимарат	Сәйкес	Сәйкес емес
1	Фимарат, стационарлық желі		
2	МобиЛЬДІ желі (автокөлік)		
3	Роликті тежегіш стенді		
4	Люфтомер		
5	Газ анализаторы		
6	Тұтін өлшегіш		
7	Фаралардың жарығын тексерудің электронды құралы		
8	Рульмен басқару және ілгіштің бөлшектерінде люфтілерді тексеру тестілері		
9	Сызғыш		
10	Рулетка		

11	Штангенциркуль		
12	Секундомер		
13	Көлік құралдарының газбен қоректендіру жүйесінің герметикалығын тексеруге арналған аспап		
14	Көлік құралдарының газбен қоректендіру жүйесінің герметикалығын тексеруге арналған аспап		
15	Шу өлшегіш		
16	Нәтижесінде қорытынды бағалау		

Үәкілетті органның өкілдері:

1. ТАӘ _____ ҚОЛЫ _____
сәйкес/сәйкессіздік
2. ТАӘ _____ ҚОЛЫ _____
сәйкес/сәйкессіздік
3. ТАӘ _____ ҚОЛЫ _____
сәйкес /сәйкессіздік

Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге
асыру қағидалары және
техникалық қарап-тексеру
операторларының қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша

Техникалық қарап-тексеру операторының қызметіне берілген рұқсаттар бойынша электрондық есепке алу журналы

Техникалық	Мекенжайы (индексі, облысы, ауданы, қаласы (кент, ауыл), көше, үй)	Техникалық, Байланыс	Техникалық, қарап-текс	Бастапқы тексерудің нөмірі мен күнін көрсете отырып, кон-троль дік-диагностикалық, сондай-ақ өлшем құралдарын тексеруді үйымдастырудың	Стационарлық, техникалық, қарап-тексеру, желісінің жерге кадастры қ нөмірі, үй-жайды жалға алған жағдайда	Техникалық, қарап-тексеру	Техникалық қарап-тексеру операторы
------------	--	----------------------	------------------------	--	---	---------------------------	------------------------------------

p/c №	карап-текс еруопера ларының атауы	телефонда р ы , опера-лық тексеру электронд ы қ поштасын ы ң мекенжай ы	ерудің стационар л ы қ немесе желісінің орналасқа н жері	стационар л ы қ немесе мобиЛЬді желісінің жұмыс режимі	орны мен атауын көрсете отырып, өлшем күралдары н тексеру туралы сертифика т т ы ң нөмірі мен күнін көрсете отырып, кезеңдік тексерулер бойынша мәліметте р	жалға алу шартының нөмірі мен жасалған күні, жалға алу мерзімі және жалға алынған үй-жайды н жеріне кадастры к нөмірі көрсетілед i	операторы н ы ң кызметіне берілген рұқсаттың нөмірі мен күні	н ы ң кызметіне рұқсаттың қолданыс ы тоқтатылғ ан күн
1	2	3	4	5	6	7	8	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК